

**Студенттерді босаған ваканттық орындарға  
(ақылы топтан бюджеттік топқа ауыстыру) орналастыру комиссиясының  
№3 ХАТТАМАСЫ**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі

24 қыркүйек 2020 жыл

**Кеңес төрағасы:**

Нұржауова Н.М.

**Хатшысы:**

Ембергенов Қ.Н.

**Қатысқандар:**

Мүшелері:

- 1.Король Алла Васильевна-директордың орынбасары
- 2.Сапарбекова Гүлнар Жайдарқызы-директордың орынбасары
- 3.Карабалина Гульнар Сабитовна- ПЦК жетекшісі
4. Есенгулова Шынар Калменбаевна –ПЦК жетекшісі
- 5.Голубева Светлана Семеновна- өндірістік оқыту шебері
6. Абуева Гулбаршын Тузелбайқызы – студенттік кеңес мүшесі
7. Болат Айла – студенттік кеңес мүшесі
8. Мусаев Талғат –ата-аналар комитетінің мүшесі
9. Базарбаева Гүлмира Абаевна –педагог – психолог

**Шақырумен қатысқандар:** Жунисова Ж.Т.

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы (Король А.В.)

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі директорының орынбасары Король А.В. хабарлама жасады.

2020-2021 оқу жылына қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы бойынша қабылданған Рамазанова Индира Сәкенқызының өз арызы бойынша құжаттарын алып, мектебіне қайта баруына байланысты НК-311 оқу тобында бос орын пайда болды. Ақылы оқу тобындағы ата-аналар аталған мәселемен хабарланып, олардың өтініштері жинақталды. Ақылы топта оқитын студенттердің статусы жан-жақты зерттеліп, талдау жасалды. Соның нәтижесінде 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша ақылы негізде білім алушы 1 курс АКК-317 оқу тобының студенті Әбен Диас ата-аналарының екеуіде мүгедек екендігі, отбасының жағдайы көмекті қажет екендігі анықталды. Аталған мән-жайларды ескере келе Әбен Диас ақылы топтан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын топқа ауыстыру ұсынылады.

**Шығып сөйледі:**

**1.Сапарбекова Гүлнар Жайдарқызы** - Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі директорының орынбасары.

Ұсынылып отырған АКК-317 топ студенті Әбен Диас туралы барлық ақпарат алынды. Қашықтықтан оқыту барысында сабаққа тиянақты қатысып келеді. Үлгерімі жақсы. Отбасылық жағдайы ауыр екендігін топ кураторы жеткізіп отыр. Сондықтан да ұсынысты қолдаймын.

**2.Базарбаева Гүлмира Абаевна** – педагог – психолог.

Тізімдегі студенттердің барлығының статустық жағдайларын зерделеп шықтық. Әбен Диастың аз қамтылған отбасы, ата-анасының екеуі де мүгедек екендігі,отбасы жағдайлары қосымша көмектесуді қажет етеді. Ұсынысты қолдаймын.

**3. Карабалина Гульнар Сабитовна**- ПЦК жетекшісі

Негізінен біздің оқу орнында тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасыларының балалары оқиды. Оның үстіне еліміздегі пандемияға байланысты қалыптасып отырған жағдай ахуалы қиын екені барлығыңызға белгілі. Сондықтан да босаған орындарды ақылы топта оқитын балаларға беру ұсынысын қолдаймын. Мен Әбен Диасқа сабақ беремін, үлгерімі жақсы, оқуға ынтасы бар.

**4.Сәкенқызы Мадина - АКК-317 топ кураторы.**

Мен жетекшілік ететін 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша ақылы негізде білім алушы Әбен Диас ата-анасының өтінішін отбасылық жағдайларын ескере отырып көмектесуге жатады деп есептеймін.


**5.Мусаев Талғат-ата-аналар комитетінің мүшесі.**

Қазір еліміздегі ахуал бірқатар азаматтарға оңай соғып тұрған жоқ. Ата-ана отбасылық жағдайын айтып көмек сұрап отыр. Мүмкін болса барлық балаларға да кезең-кезеңімен осындай қадамдарға барған дұрыс болар еді. Мәселенің шешімін қолдаймын.

**Студенттерді босаған ваканттық орындарға (ақылы топтан бюджеттік топқа ауыстыру) орналастыру комиссиясы шешім етеді:**

1. 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша ақылы негізде білім алушы 1 курс АКК-317 оқу тобының студенті Әбен Диас мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін оқитын 1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша НК-311 оқу тобына ауыстыру ұсынылсын.

**Төраға:**




**Нұржауова Н.М.**

**Хатшы:**



**Ембергенов Қ.Н.**

**Таныстым:**



1. Король А.В.
2. Сапарбекова Г.Ж.
3. Карабалина Г.С.
4. Есенгулова Ш.К.
5. Голубева С.С.
6. Абуева Г.Т.
7. Болат А.Ғ.
8. Мусаев Т.Б.
9. Базарбаева Г.А.